SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№11 (9084)

СӘРСЕНБІ
8 ақпан, 2023 жыл

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығын іске асыру аясында, Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалдының Созақ ауданының тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 17 ақпанда сағат 11.00-де Шолаққорған ауылы, Жібек-жолы көшесі №5 үй, «Мыңжылқы» мәдениет үйінде өтеді, сонымен қатар, облыс әкімінің жеке қабылдауы 2023 жылғы 17 ақпанда сағат 12.00-де аудан әкімі аппаратының ғимаратында өтеді.

Қабылдауға алдынала жазылу 8(72533) 5-98-99 байланыс телефоны және t.akimat@ontustik.gov.kz электронды почта арқылы 2023 жылғы 16 ақпанға дейін сағат 9-00 ден 18-30 аралығында (түскі үзіліс сағат 13.00-14.30 дейін) жүргізіледі!

Тиісті мекемелердің қатысуын қамтамасыз ету және кері байланыс орнату мақсатында өтініш берушінің аты-тегі, сұрақтың мәні, мекен-жай, байланыс телефоны және электронды почта (бар болған жағдайда) нақты көрсетілуі қажет.

* * *

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА!

В рамках реализации Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года №826 «О проведении встреч акимов с населением» 17 февраля 2023 года в 11-00 часов в здании дома культуры «Мыңжылқы» в селе Шолаккорган, улица Жибек-жолы №5, состоится встреча акима Туркестанской области Сатыбалды Дархан Амангелдиевича с жителями Созакского района, вместе с тем, в здании аппарата акима района 17 февраля 2023 годав 12-00 часоваким области проведет личный прием жителей района.

Предварительная запись на прием производится по телефону 8 (72533) 5-98-99 и через электронную почту t.akimat@ontustik.gov.kz с 9:00 часов до 18:30 часов (обеденный перерыв с 13.00 часов до 14.30 часов) до 16 февраля 2023 года.

Для обеспечения участия соответствующих учреждений и обратной связи необходимо точно изложить Ф.И.О заявителя, поднимаемый вопрос, указать адрес, телефон и электронную почту (при наличии).

Президенттің Тараз қаласына сапары

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Көне Тараз» тарихи-мәдени кешеніндегі Жамбыл өңірі қолөнер шеберлерінің көрмесіне барды.

Президент алдымен «Шебер шаңырақ» мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамдық бірлестігі, «Өшпес мұра» Жамбыл облысы қолөнер шеберлерінің қауымдастығы, «Жамбыл облысы қолөнершілер одағы» қоғамдық бірлестігі, Асыл-Дизайн» сән үйі және басқа да ұйымдар шеберлері жасаған бұйымдарды тамашалады. Ата-бабаларымыздан қалған жәдігерлерді халыққа насихаттайтын бір бір орын киелі көрмеге облыс аумағында тұратын отызға жуық қолөнер шеберінің ағаш, тері және киізден жасаған бұйымдары, қыш ыдыстар, панно, ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық киім үлгілері, ат әбзелдері, зергерлік бұйымдар қойылған.

Мемлекет басшысына көрсетілген «Киіз үй» инсталляциясында жастарға тоқыма, киіз басу, құрақ құрау, ұршық иіру, сырмақ сыру және басқа да өнер түрлері бойынша шеберлік сабағы өткізілді.

Сонымен қатар көрмеде көшпенділердің заманауи әлемдік үлгіде жаңғыртылған заттары, нео-фольклор стилінде тігілген көпғасырлық дәстүрлі киімдері және дала гүлдері мен шөптерінің хош иістерінен жасалған иіссулар көрсетілді. Тағы бір айта кетер жаңалық Тараз Дүниежүзілік қолөнершілер қалалары тізіміне енгені туралы сертификат алды.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның оңтүстік-шығысында көптеген адам шығынына әкеп соқтырған жер сілкінісіне байланысты осы елдің Президенті Режеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Түркия Республикасында болған аса күшті жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды зор күйзеліспен қабылдадым. Осындай қиын сәтте жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бүкіл түрік ағайындарымыздың ауыр қайғыларына ортақтасып, Қазақстан халқының және жеке өзімнің атымнан көңіл айтамын», – деп жазылған жеделхатта.

Сонымен қатар, Президент Қазақстанның Түркияға тиісті көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринарилық қызмет» ШЖҚ МКК басшысы Ғ. Құрманбай бастаған топ ауданда болды. Сапар барысында аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің қабылдауында болып, ветеринария саласы бойынша аудан көлемінде 4 ауыл округінен "Беккари" шұңқыры, 3 ауыл округтен мал өлекселерін тастайтын орын салуға конкурс өтіп жатқандығы сөз болды. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аудан халқының негізгі күн көрісі мал шаруашылығымен байланысты болған соң ветеринария саласына аса мән беріп, қолдау көрсететінін айтты. Сонымен қатар, алдағы 3 жылда кезең-кезеңімен 16 жерден мал шомылдыратын тоғыттар салуға сметалық жұмыстар жасалып жатқаны туралы тілге тиек етті.



«Созақ үні»-ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 19 наурызына тағайындалған Созақ аудандық мәслихат депуттатығына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Округтік сайлау комиссиясы
Жамиева Карлыгаш Нышанбаевна	25.12.1968 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Таукент гүлдері» бөбекжай балабақша меңгерушісі, Созақ ауданы, Таукент кенті, 2 ықшам ауданы, №31А	№14 округтік сайлау комиссиясы
Сарсенов Жасулан Жайлауович	15.04.1982 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Ш.Уалиханова атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мұғалім. Созақ ауданы, Жартытөбе ауылы, Аққолтық елді мекені, Арқабаев көшесі №17	№2 округтік сайлау комиссиясы
Әбушахман Әділет Төтжанұлы	25.10.1997 ж	Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі. Әлеуметтік қызметкер Созақ ауданы, Таукент кенті, №132 үй, №136 кв	№14 округтік сайлау комиссиясы
Сугирбаев Баглан Канжарбекович	31.01.1985 ж	«Ak Metal company» ЖШС директоры. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, А.Омарбеков көшесі № 2	№1 округтік сайлау комиссиясы
Отыншиева Рабиға Шамақызы	27.04.1966 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің маманы. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, М.Төлебаев көшесі №7	№2 округтік сайлау комиссиясы
Шәңке Ақерке Есенбайқызы	10.07.1979 ж	”Асыл-Ай” балабақша меңгерушісі. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы	№3 округтік сайлау комиссиясы
Бабаева Гулзина Онгаровна	23.10.1967 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы IT-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мұғалім Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, М.Маметова көшесі №44	№5 округтік сайлау комиссиясы
Нұрланов Базарбай Нұрланұлы	13.07.1979 ж	«Нұрлан ата» ЖШС директоры, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Әйтеке би көшесі №16	№3 округтік сайлау комиссиясы
Есмуратова Гулшат Есбергенкызы	31.07.1967 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Айшуақ» бөбекжай балабақша меңгерушісі Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Бекжанұлы көшесі №9	№5 округтік сайлау комиссиясы
Бекишов Құрманғали Әбиұлы	24.03.1967 ж	Волковгеология” АҚ ГРЭ-5 филиалының директоры Созақ ауданы, Таукент кенті, Мәңгілік көшесі №23 үй кв2	№8 округтік сайлау комиссиясы
Топшақов Серік Әбілқасымұлы	23.02.1966 ж	№1 кәсіптік колледждің есепшісі Созақ ауданы, Созақ ауылы	№9 округтік сайлау комиссиясы
Жамиев Ордабек Мырзабекович	12.11.1974 ж	Қарақұр ауылдық округі әкімі. Созақ ауданы, Қарақұр ауылы, Наурыз көшесі №89	№11 округтік сайлау комиссиясы
Айтбаев Алмас Сапарбайұлы	01.09.1976 ж	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Абай атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесідиректорының орынбасары. Созақ ауданы, Тасты ауылы, Сейфуллин көшесі №22	№12 округтік сайлау комиссиясы
Балықбаев Ерзат Орынбасарұлы	27.02.1971 ж	Жұмыссыз. Созақ ауданы Құмкент ауылы, Ж.Жабаев көшесі №15	№7 округтік сайлау комиссиясы
Әлібеков Жадыгер Амангелдіұлы	01.02.1975 ж	«Жадыгер» ЖШС директоры. Созақ ауданы, Созақ ауылы, Шылманбетов көшесі №49	№10 округтік сайлау комиссиясы

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Алғыс білдіремін

Бірақ, заман талабына сай болса...

Адам болған соң «бас ауырып, балтыр сыздамай» тұрмайды. Оның үстіне жасың ұлғайған сайын да қылтың сылтың көбейе береді екен ғой. Оған да шүкіршілік. Елуді еңсерсек те, күнделікті күйбің тірлікпен анау мынау кеселдерге мән бермей жүре береді екенбіз. Ауырсынып бей жәй хәлге түскенде алғашқы көмекті алып, майда шүйде ем дом жасап, басылған соң бәрін ұмытып жүре береміз. Терең мән беріп, нақты маманнан ем алуды ойламаймыз. Осылай жүре беріп, жуырда жүректен приступ беріп, соңы отамен аяқталды.

Айтпағым маған отаны Шымкент қаласындағы «Жүрек» орталығында жасады. Ота сәтті өтті. Отаны аритмолог, кардиолог, рентгенхирург Есенбеков Берикбай Құралбаевич (документінде осылай екен) басшылығымен, нұсқауымен бірнеше дәрігер жасады. Отыз беске енді келген жас жігіт мықты, білікті маман екенін байқатты. Риза болдым. Пациентпен сөйлесуі, диагнозды түсіндіруі, емді, операцияны түсіндіруі, сөйлеу манерасы, сөз қоры бәрі керемет. Үш тілде еркін сөйлеген мықты маманға шексіз риза болдым. Алла разы болсын. Рақмет сізге дәрігер Берік Құралбайұлы!. Кардиоорталықтың яғни «Жүрек» орталығының, өзім ота жасатып, ем алған аритмология бөлімінің барлық емдеушілеріне, нақты айтқанда дәрігерлерге, мед бикелерге, кіші қызметкерлерге үлкен рақмет. Шексіз алғысымды білдіремін. Сонымен қатар, осы орталықта ем алуға жол көрсеткен аудандағы дәрігерім Созақ аудандық орталық ауруханасының кардиологы Ахатаева Ұлдар дәрігерге де ризашылығымды білдіремін. Менің аудандағы дәрігерім. Үнемі қадағалап, бақылап, емдеп жүрген. Әрине Аллаға шүкір, ота сәтті өтті. Ем жақсы жалғасуда. Барлығы білікті мамандардың арқасы. Алғысым шексіз.

Десекте, бүгінгі таңда жүрек кеселі ел ішінде етек жая бастағаны байқалады. Елімізде ем алатын, ота жасайтын мықты орталықтардың болғаны қатты қуантады. «Жүрек» орталығы мықты мамандармен толықтырылғаны байқалды. Маман дәрігерлер озық технологияларды қолданысқа енгізіп, іске асырып отыр. Медициналық жабдықтар да заман талабына сәйкес, халықаралық стандартқа сай көрінді. Озық технологияларды қолдану үшін мықты озық оборудование керек екені белгілі. Бәрі жақсы. Десек те, осындай мықты мамандары бар, күрделі оталар жасап жатқан «Жүрек» орталығына мемлекет тарапынан назар аударылып, материалды қолдау көрсетілгені абзал деп ойлаймын. Операциядан шыққан науқастарға талапқа сай жағдай жоқ. Науқастар жататын палаталар сын көтермейді. Төсек жабдықтар, ас ауқаты, жалпы инвентарьға дұрыс көңіл бөлінсе дейсің. Бүгінгі заманауи талапқа сай аталған орталыққа бір күрделі жөндеу жүргізілсе нұр үстіне нұр болар еді. Осы мәселені ел игілігі үшін мегаполис әкімдігі, қалалық денсаулық сақтау басқармасы назарға алып, көңіл бөлсе, дұрыс болар еді.

Алла бұйыртса талай науқас барып ем алатын орталық жарқырап тұрса дегенім ғой. «Жүрек» орталығының барлық дәрігер мамандарына, медбикелерге, жалпы ұжым қызметкерлеріне тек сәттілік тілеймін.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Журналист.

ЖОЛ БОЙЫНА ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ МУЛЯЖДАРЫ ҚОЙЫЛДЫ

Созақ ауданындағы ең қауіпті саналатын облыстық маңызы бар жолдардың бойына үй жануарларының муляждары орнатылды. Атап айтқанда, Шолаққорған – Шымкент бағытына 2 дана, Шолаққорған- Түркістан бағытына 1 дана және Шолаққорған -Таукент бағытында 1 дана белгі қойылды. Аталған жолдардарда ірі қара мал көп жүреді. Ірі қара малдың макеті алыстан анық әрі шынайы көрінеді. Бұндай жылдамдықты бәсеңдетуге ескерту жасайтын белгілер ауданда алғаш рет тұрғындардың қауіпсіздігі үшін қойылып отыр.

– Белгілер жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында орнатылды. Түйе, жылқы, сиырдың муляжын арнайы мал жайылымы тұсына орнаттық. Себебі бұл аймақтарда ірі қара мал мен көлік соқтыққан жағдайы кездесіп қалады. Алдағы уақытта өз нәтижесін беріп, оқыс оқиғаларды азаяды деп сенеміз, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергенов.

Бұл жұмыстар жалғасын тауып, елді мекендер арасында ірі қара және майда малдың макеттерінің санын арттыру жоспарлануда. Мұның барлығы аудан халқына және келуші қонақтарына жол қауіпсіздігін сақтауды ескертіп, оқыс оқиғалардың алдын алуға үлкен септігін тигізеді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ынтымақ бұзылмайтын қорған

Ғасырлардан бері ұласып келе жатқан тағылымы мол үрдіс әлі де өз жалғасын тауып, елімізде сақталып келеді. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық–біздің байлығымыз. Қазақтың тарихына көз жүгіртканде небір зұлмат пен нәубетті, аштық пен қиындықты, тартыс пен езгінің іздерін көріп, осыншама зұлматтан аман қалып, бүгінде етек-жеңі жиылып келе жатқан тәуелсіз елдің бет-бейнесін көріп, таңдай қақпау мүмкін емес. Бұл елдікті еңсеруде қаншама қан мен сарқылған тер, қыршын кеткен ғұмырлар мен үзілген тағдырлар жатыр. Анығында, туған елдің ынтымағы мен бірлігін, тыныштығы мен тәуелсіздігін бейбіт күнде өмір сүрген қазіргі ұрпақтан, түрлі майдан мен жорықтан, соғыс пен сұрапылдан көз ашпаған алдыңғы ата-бабаларымыз тереңінен түсінген. Түсініп қана қоймай, ел мен жердің қадіріне жете біліп, Отанға деген шын махаббаттың бейнесін көрсетіп кетті десек артық айтқандық емес екені анық.

Бүгінде еліміз өзге елдер қызыға қарайтын мақсаты айқын, бағдары бүтін мемлекет болып қалыптасып келеді. Отыз жылдық тарихы бар егемен ел болса да, бүтіндейтін жеріміз бен дамытатын салаларымыз жоқ емес. Ең бастысы – әлемдегі алпауыт елдердің ыңғайына жұтылып кетпес үшін қазақ халқына бірлік керек. Хәкім Абай атамыз айтқандай, «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» демекші, бірлігіне сызат түскен елдің көгеріп, өсіп-өнуі екіталай. Өткеннен сабақ алып, тарихқа көз жүгіртер болсақ, мықты деген алпауыт мемлекеттер бірлік арқылы өз елдігін түрлі қиындықтан сақтап қалғанын көреміз. Керісінше жері байлыққа толы, халқы тоқшылықта бола тұрып, ел ішінде ынтымағы болмаған жұрт өзгенің қақпанына оңай жұтылып, жоқ болып кеткенін тарих сан рет дәлелдеген.

Бүгінгі таңда азат елдің таңы арайлап атуы үшін батыр бабаларымыз секілді басты бәйгеге тігіп, соғыс майданында жүру міндет емес. Қазір елдің ертеңі – бірлігі бекем, һәм білімі мықты ұрпақтардың уысында. Заман – оқыған, тоқыған, көкірегі ояу, көзі ашық адамдікі. Өткен тарихыңды, туған тіліңді, дәстүрлі діниіңді, саралы салт-дәстүр, әдет-ғұрпыңды білмесең «бірлік», «береке» деген ұғымдардың мәні тұрмақ, мағынасында білмей өтпекпіз. Өз ұлтын тереңінен танып, оны шынайы сүюге ұмтылғанда қоғамның ынтымағы үшін бас біріктірудің шын үлгісін көрсете алмақпыз.

Осы күні бізге жетпей жатқаны да – мұсылмандар арасындағы сүйіспеншілік пен бауырмашылдық. Көбіміздің бойымыздан мұсылман бауырымызға деген өшпенділік пен арам ниет, жаман ойлар байқалады. Кейбір жанды көрсең, құлшылыққа көп көңіл бөледі, жақсы сөз сөйлейді, сөз сөйлегенде алдына жан салмайды, ақын немесе шешен, бірақ мұсылман бауырының етін жеуге (ғайбаттауға) дайын тұрады. Егер тақуалық болмаса, адамға құрғақ білімнің, мағлұматтың пәлендей көмегі тимейді. Маңыздысы аз білсең де амалға асыру, тақуалық таныту, бауырыңды жақсы көру, жақсы көре алмасаң да ең азы қолыңмен және тіліңмен зияныңды тигізбеу, бұның өзі де бір ғанибет. Хәкім Абай өзінің қырқыншы қара сөзінде: «Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?» деп ащы шындықты дөп басып айтқан.

Егемендіктің 30 жылында атқарылған ең маңызды жұмыстың бірі – еліміздегі этносаралық және конфессияаралық ынтымақтастық, келісім мен саяси тұрақтылық деп білемін.

Осы тұста Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өміріндегі бір оқиғаға назар аударғым келеді. Ислам тарихында ол «Мәдиналық келісім» деген атпен белгілі.

Пайғамбар (с.а.с.) Мәдина шаһарына қоныстанған соң жай діни көсем ғана емес, ол енді мұсылман мемлекетінің саяси басшысына айналды. Демек, бұл мемлекеттің өзіне тиісті нақты шарттары мен заңдары қабылдануы тиіс. Ол заңдар ондаған жылдар бойы бір-бірімен соғысып, қырық пышақ болып келе жатқан түрлі тайпалар мен нәсілдердің арасын қосып, қоғамда бейбіт әрі достық қатынасты орнатуы қажет. Дәлірек айтсақ, пайғамбардың (с.а.с.) міндеті– мұсылмандар, христиандар және яһудилер мен пұтқа табынушылар жасайтын қоғамда бейбіт өмірді тұрақтандыру. Осы мақсатта дүниеге Мәдиналық келісім келді. Оған сәйкес Мәдинада жасайтын әр тайпаның жауапкершілігі мен міндеттері анық көрсетілді: олардың бірінің-бірі алдындағы міндеттері мен шектеулері, ерекшеліктері мен қасиеттері және т.б.

Бұл келісімді – жаңа қалыптасып келе жатқан мұсылман мемлекетінің Конституциясы десек болады. Конституция барлық қауымдар мен тайпаларға тең. Мұның тармақтарынан ауытқыған немесе оны орындамаған әрекет–дінбұзушылық және опасыздық болып саналды. Осылайша Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) бірнеше дінді бір араға жинап, бір мемлекет, бір қоғам құра білді.

Бұл мысалы, қазіргі кездегі еліміздегі діни саясаттың бірден-бір көрінісі іспеттес. Біздің мемлекетіміз де тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап түрлі ұлттар мен діни-сенім конфессиялар арасындағы татулық және бірлігімен ерекшеленіп отырған жайы бар.

Қандай қоғам болмасын ынтымақбірліктің арқасында ғана өркендеп, адамдар бір-біріне бауырдай қараған кезде ғана мамыражай заман орнамақ. Сол себепті ардақты Пайғамбар (с.а.с.): «Мұсылман мұсылман үшін бір-бірін бекем ұстап тұрған ғимарат тәрізді», – десе, келесі бір хадисінде: «Мүміндер бір-біріне сүйіспеншілік, мейірімділік және жанашырлық танытуда біртұтас дене іспетті. (Адамның) бір жері ауырса, ұйқысы қашып, ыстығы көтеріліп, бүкіл денесі ауырған жерінің мұңына ортақтасады»,– дейді. Хәкім Абайдың да «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең – істің бәрі бос» деп асқан жанашырлықпен халқына үн қатуы да халқын ауызбіршілікке шақыруы болатын.

Дәстүрлі Исламда да ең асыл бес нәрсені – Отаныңды, діниіңді, ұятыңды, жаныңды, дүниеңді қызғыштай қорғау салиқалы һәм сауапты амал, ізгі іс саналатындығы айшықтап жазылған. Біздің өз тәуелсіз Отанымыз бар. Бас құжатымыз – Конституциямыздың «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталуының мәні де осында. Осы орайда Қазақстан қоғамын тұтас қалыпта, дұрыс бағытта ұстап тұру баршаға аманат деп білемін. Олай болса, Қазақ елінің рухани тұтастығы мен бірлігін, қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтау да – сіз бен біздің азаматтық міндетіміз.

Бүгінгі күн өткенімізге баға берудің, қол жеткізген барлық нәрсенің мәнін тарихи тұрғыдан ұғынудың, алда тұрған міндеттерді айқындаудың тамаша мүмкіндігі.

Сондықтан, елімізді қауіпті індеттер, ауыртпалықтар орын алып жатқан мына жағдайда үй ішінен үй тігіп, түрлі топқа бөлініп, бүлік шығару емес, керісінше қоғамдағы ынтымақ пен бірлікті ұстануымыз қажет. Бейбіт қоғамның негізі ауызбіршілік және түсініскіпкен қаланады, ал, «ынтымақ – бұзылмайтын қорған».

Д.АМАНОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы діни-тануышы маманы.

Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады

Қазақстан–көпұлтты мемлекет. Зерттеулерге сәйкес Қазақстанда 130-ден аса ұлт бар. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден бастау алады. Ұлттық құндылықтарымыз– ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны–бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз. Кезінде ата-бабаларымыз елімізді «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қалай қорғаса, ұлттық болмысымыз бізді жаһандану секілді алып айдаһардан дәл солай қорғайтындай.

Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген.

Ұлттық құндылықтар–әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы-тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба? – деп алаңдауымыз керек.

Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек»-дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды, әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызға ие. XXI ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай белес тұр. Бұл ең маңызды мәселелердің бірі.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына. Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп. Оларды іріктеп, бес бағытта қарау заман талабы секілді. Бірінші құндылық –тәуелсіздік және тарихи таным деп атаған жөн. Тәуелсіздіктің арқасында, қазақ елін, Қазақстан халқын әлем таныды және мойындады. Тәуелсіздік символы – мемлекеттік Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз. Ту–ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тәуелсіздік–еркіндік пен азаттықты ғана алып келмей, сонымен қатар, ұлтымыздың санасын өзгертті, сапасын жақсартты, өзін танытты. Тарихи танымның ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар сыры тұрған жоқ. Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, тәрбиесі бірде әлсіреп, бірде жетіліп ғасырлармен бірге жасасып келеді. Тарих–тәрбиеші, ұлттың бағдары, жол сілтеушісі. Тарихы бекем жасалған халық дұрыс бағыт алады. Бірегей көп томдық мемлекеттік тарихымызды өзіміз жазбай ұлттық құндылықтарымызды орнықтыра алмаймыз.

Екінші құндылық–ел мен жер деп білемін. Қазақта: «Егесіз ел азар, иесіз жер тозар» деген мақал бар. Ұлан ғайыр даланы бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қазақтың жері – қасиетті. Ол бүгінгі жаһандық тайталас кезіндегі ұлттық бірігейліктің символы болып қала береді.

Үшінші құндылық– тіл, әдебиет және руханият. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны мен жады, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»,-деп тілдің ұлт үшін қандай маңызы бар екенін бір ғана ауыз сөзге сыйдырған еді. Тілді қорғау–ұлтты қорғау. Ана тілі–ұлт жүрегі, ұлт тілегі. Тілдің болашағы–ұлттың болашағы! Тілде халықтың бүкіл болмысы, рухы, ішкі жан-дүниесі көрініс табады деп жатады. Қазақтың тілінен қазақ халқының қаншалықты кемеңгер халық екендігін аңғаруға болады. «Дауға салса алмастай қаған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған әрі байырғы, әрі мәңгі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! «Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең»,-дегендей, Қазақтың ұлттық болмысын ұлы кемеңгеріміз Абай Құнанбайұлы секілді бір ауыз сөзбен шеберлікпен ешкім суреттеп бере алмас.

Имандылық бар жерде – тәртіп те, бейбітшілік те, адами құндылықтар да сақталады. Сонда ғана ұлттық құндылығымызды жаңғырта аламыз, дамыта аламыз. Ұлы Абай бабамыз өзінің 38-қара сөзінде «Толық адам» концепциясын ұсынған. Алла жолымен жүрген, білімді адам ғана толық адам деп есептеледі деген. Бұл–дүниенің тіршілігін ұмытып, сәждеге бас қою ғана емес. Бұл–білім, ғылымды дамытып, елге адал қызмет ету, әділдіктің ақ жолынан таймау, кісі ақысын жемеу деген сөз.

Төртінші құндылық–ұлттық дәстүр және отбасы. Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошаққасынан басталады. Отбасы–тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Расында, ұлттық дәстүр және отбасылық тәрбие – патриотизмнің бастауы екенін ұмытпайық. Баланы бесіктен тәрбиелеу– ұлттық ұғым кепілі. Бесінші құндылық - білім мен біліктілік. Білімді ел – озады, ғылымсыз ел – тозады. Елімізде білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық жасалды. Өйткені, кез келген қоғам – адами капитал арқылы дамиды. Ұлттық құндылықты қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар. Әл-Фараби бабамыз: «Дүниеде тәрбиесіз берілген білімнен қауіпті нәрсе жоқ» деген екен. Сондықтан да білім мен тәрбиені бір процестің екі жағы деп қарау қажет.

Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. Ұлтты құрметтеу– атап өткен барша ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құрмет көрсету, сақтау. Ұлтсыздану ұлтты, мемлекетті әлсіретеді. Қоғам дамуын тежейді. Бұл–тарихи шындық. Сондықтан тарих, замана алдындағы ұлы сынақ кезінде біз өз таңдауымызды жасадық. Әлемдік озық құндылықтарды игере отырып, оны ұлттық құндылықтарымызбен байыта береміз. Ұлтты сүю –ұлтшылдық емес.

Г.БЕКЖАН,
Теолог маман.

Сара апайдың сара жолы

Жазу өнерінде аса терең зерттеліп бітпеген дүниенің бірі-күнделік жазу. Күнделік жазудың бір тиянақтылығы қайсыбір естеліктің, болған жайдың нақты уақыты, кейіпкерлердің аты-жөні, қызметі толықтай қағазға түсіріліп, оқырманын өзіне тарта түседі. Бүгінде күнделік жазу өнері қалып барады. Өзіміздегі Ғабит Мүсірепов, Баубек Бұлқышев, Саттар Ерубаев, Әзілхан Нұршайықов, Шерхан Мұртаза, Камал Смайлов, Мұқағали Мақатаев ағаларымыздың араларындағы жазба хаттар, жазған күнделіктері ұрпақтан ұрпаққа ұлы мұра, қымбат қазына санатында қалған жоқ па?! Күнделік те көркем әдебиет үлгісі. Құмкент ауылында ғұмыр кешіп жатқан ұлағатты ұстаз. Ардақты алтын алқалы ана, бар ғұмырын білім саласына арнап, шәкірттерге тәлім мен тәрбие бере білген Сара Қәдірбекқызы Сарманованы білесіз бе? Жақсылар түскен үйдің жақсы келіні, қонағын құтқа балаған, инабатты жар, асыл әже бүгінде 77 жасқа келсе де қаламы қолынан түспей келеді. Сара апайдың сара жолы сан ұрпаққа үлгі мен өнеге болары анық. Өйткені ол кісі естелік-күнделік жазуды әдетіне айналдырған. Күнделік естеліктің есігі, өткен күннің бесігі десек, бүгінгі айдарымыздың қонағы «Еңбек ардагері», «Алтын алқа» медалдарының иегері, ардагер ұстаз Сара Сарманова апайдың жазбасын ойлы оқырмандарымыздың назарына ұсынамыз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ұлылар жүрген ұлы жол

Мен Шымкент облысы, Шаян елді мекенінде 1946 жылы 10 қыркүйекте дүниеге келдім. Әкем Сарманов Қәдірбек Ұлы соғысында болып, жараланып елге қайып келген соң жол жасау жұмысының жетекші (бастығы) болған. Қызылкөпірде жол салып жатқанда қатты суық болып (қыста) үстіндегі жылы күртешесін жұмысшыларға шешіп беріп, өкпесіне суық тиіп, қатты ауырып, содан жазылмай қайтыс болған.

Анам Қайыпова Айшахан 1920 жылы туылған, руы қыпшақ. Үш баламен жесір қалған. Мен төрт жаста екенмін. Інім Қанатбек 2 жаста, Рәтбек кішкентай сәби екен. Содан анам абысыны Қызылкүл апамен біз ержетіп өсіп үйленгенімізше бірге тұрған. Апамнан Салықбай деген көкеміз болды. Көкем оқып, инженер болып, үйленіп 2-3 балалы болғанда бөлек үй болып, «Красный Нива» совхозында инженер болды. Анам Шаяндағы тігін шеберханасында сырт киім тігетін бөлімде тігінші болады. Кейін сол комбинатта сырт киім пішуші болды. Анамның тіккен пальтосы Алматыдағы Бүкілодақтық халық жетістіктері көрмесіне қойылды. Өзін сол Алматыдағы 2 жылдық оқуға шақырды. Ол кісі бізді тастап бара алмады. Жұмысында үлкен абыройға ие болды. Бірнеше рет аудандық кеңеске депутат болып сайланды. «Ленин» орденімен басқада орден медалдармен марапатталды. Сондай бір жиында Бауыржан Момышұлымен бірге түскен суреті бар. Үлкен құрметке ие болды. Мен анам үшін мақтанатынмын. Музыканы да жақсы көрді. Аздап домбырамен ән айтатын. Бәрімізді оқытты. Қанат бухгалтер, Рәт электр саласында жұмыс істеді. Мен 1963 жылы мектепті «Күміс» медалмен бітіріп, Шымкенттегі сол жылы ашылған пединституттағы «Русский язык для национальных школ» деген факультетте оқыдым. Бұл факультетте әртүрлі ұлттың балалары оқитын (түрік, өзбек, әзербайжан, қарақалпақ т.б)

Алғашқы кезде қиын болды. Ауыл баласы үшін бірден орыс группасында оқу ауыр тиді. Бірақ мен анамның еңбегін ақтаймын деп тырысып оқыдым. Содан 3 курстан бастап высший стипендиямен оқыдым. Анам мені жастайымнан музыканы жақсы көруге тәрбиеледі. Сондықтан болар домбырада, мандолинде, гармонда ойнап үйрендім.

1967 жылы төрт бітіруші жас маман оқуымызды бітіріп, жолдамамен Созақ ауданына келдік. мен Құмкент совхозына келдім. Қазақ кластарына орыс тілден сабақ бердім. Содан осы мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейтін Көпжасар деген жігітпен тұрмыс құрдым. Ол да өз ортасында елеулі, сыпайы жігіт болды. Оның сыйлас жігіттері өте көп болатын. Енем Зейнеп апамның арқасында жұмыс істедім. Абыройлы болдым. Атам Үрміз бірінші әйелі Әселдің көзі көрмей қалып осы кісіге үйленген екен. Біздің осындай дәрежеде жұмыс істеуімізге кураторымыз, жетекшіміз Нина Кузминичина деген апайымыздың еңбегі зор еді. Жұмыс барысында абыройлы болдым. 1956 жылы Шымкенттегі педоқуға менің үлкен кластың оқушыларымен өткізген іс-шараларым «Октябрью 50 лет» деген магнитофонға жазылған записімді ұсынылып өте жақсы деген құрметке ие болдым. Қайынағам Үрмізов Файзулла да «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім» деген атақ алды. Абыройлы, сыйлы кісі болды. Көбекең де ер балаларды ерлікке, батылдыққа тәрбиелеуде еңбегі зор еді. Оқушылар оны Бауыржан Момышұлына ұқсайды деп атайтын.

1967 жылы мен келін болып келген жылы біздің шаңыраққа ақын Мұхтар Шаханов келді. Ол кісі Шымкентте комсомолдық салада жұмыс істейтін. Мектепте мұғалімдермен әңгіме өткізіп, пікір алысты. Екі күн біздің үйде болды. Менің Шаяннан екенімді біліп, «Айналайын қарындасым екенсің» деп ағалық алғысын білдірді. Мен 5 класта оқып жүргенде Шаянға ұлы жазушы Мұхтар Әуезов келді. Ол кісінің құрметіне жиыннан соң концерт болды. Сол концертте кластасым Мұсаева Раушан екеуіміз чех халқының «Танцуй, танцуй» деген әнін орындадық. Мен гармонда сүйемелдедім. Мұхтар ағамның мойнына Раушан екеуіміз галустук тақтық. Егер суретке түсіргенде бұл бір үлкен естелік болар ма еді. Екінші рет Мұхтар Әуезов біздің совхозға келіп, халықтың тыныс- тіршілігімен танысты. Совхоздың шаруашылығын аралап көрді.

Атам Үрміз совхоздың шөп жинайтын бөлімінде қарауыл болатын. Атам ұсталық дүкен ұстайтын және аңшы болатын. Қасқыр, түлкі ұстайтын бүркіт құсын ұстап баптайтын. Мұхаң атамның құс баптайтынын бірден біліп, «Мынау қыран ғой» дейді. Атам Мұхаңа бүркітін сыйға алыңыз деп ұсыныпты. Сонда Мұхаң: Осы жақында жазда үлкен жиын болады. Сонда сізді Алматыға алдырамын құстарыңызбен»- деп айтыпты. Бірақ ол кісі (Мұхтар) сол жазда қайтыс болып, атам қатты қайғырып жылапты. Мұхаңның арқасында Алматыны көрем деп қуанған екен.

Әсел апам (енем) табиғатынан сұлу кісі болған. (Төре екен) Ағасы оқымаса да дәрігерлік қабілеті бар кісі болған Аты Ахмет төре. Ол кісі қанжармен емдеп, бала көтермеген әйелдер балалы болған екен.

Зейнеп апам Шалдар руынан. Тумаған кісі. Атам сұлу болмаса да балаларым үшін алдым ғой, деп айтатын. Балаларымызды бақты, тәрбиеледі. Тумаса да туған анамыздай адам еді. Кіші баласы Көпжасардың қолында болды. Апамды өз анамыздан артық көрмесек кем көргеніміз жоқ. Файз ағам ауылға келген атақты кісілерді үйге шақыратын. Бұл шаңырақта Сәбит Мұқанов жұбайы Мәрияммен болды. Үйде түскен суреттері бар. Шота Уәлиханов жұбайымен 2 күн қонақ болды. Ол кісі анам да Төре болған соң «аға» деп құрметтеді. Және көптеген өнер адамдары болды. Асанәлі Әшімов және басқа да ауылға келген артистерді ағам үйге шақыратын. Ағам өзі шежіре кітап жазды. Сондықтан болар қонақ күтіп әңгімелескенді жақсы көретін. Ағамның әйелі Үміткүлді мен абысын болса да шалдар руынан болған соң әпке дейтінмін. Әпкем айтқысы келген ойын, жамап жасқамай айта салатын, бірақ жаман ойы жоқ, аққөңіл кісі болатын. Бұл кісі бес ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді. Барлығы өз орындарын тауып немерелі болып кетті. Өкінішті сол Ержан қайным өмірден өтті. Өте жақсы жігіт болатын. Өзі еңбекқор, аңшылығы атама тартқан. Мен 9 класқа сабақ бердім. Балаларды аралап жазғандарын көріп жүрсем, аңның, аңшының суреттерін салып отыратын, қасында Бекзат марқұм отыратын, ол да суретіне қарап, қызығып отыратын. Бекзат менің қазіргі кішкентай келінім Ұлпанның папасы. Сол сияқты сабақта Сабыр Олжабаев деген оқушым үнемі әдеби кітап оқып отыратын. Көрсем де көрмегендей болып өтіп кететінмін. Сол қазір облыстық газетте әңгіме мақалалар жазып танымал болды. Сол сияқты осындай оқушымның бірі Оразхан Анарбайұлы өз өмір жолы туралы «Жасын жұлдыздар жарқылы», «Мен тергеушімін» атты 2 кітап жазды.

Кітабында мынадай автограф бар. Сара апай «Сара апай халқыңа қалаулы бол», көп алдында сыйлы аяулы бол!»

Бұл балалардан түйгенім «Орыс тілін білмедің, неге менің пәніме селқос қарайсың» деп айтудың қажеті жоқ. «Өмір өзен ағасың да кетесің» дейді. Осылай із қалдырып ағамыз да кетеміз. Алланың осының бәрін көрсеткеніне шүкіршілік жасаймыз. Қазір жасым 77-де, Алланың көрсеткенінің бәріне шүкіршілік жасаймын. Қолымда ең кішкентай балам Бүркіттен Фатима, Қазила деген екі немере сүйіп отырмын. Қылықтары сондай тәтті. Үлкен ұлым Бақытжанның Айда деген қызынан 1 шөбере сүйдім. Қазақ халқында «Шөберенің қолынан май жалаған қария жұмаққа барады» деген сөз бар ғой. Шөберем Шахнардың алақанынан май жаладым. Алланың берген 5 қызынан оншақты немере көрдім. Олардың да өз отаны бар. Біз Совет заманында өмір сүрдік. Сондықтан болар Алла туралы түсінігіміз жоқ болды. Тәрбие сағаттарында «Құран миды улайды»,-деп Алла деген ұғымнан түсінігіміз болмай балаларды керісінше түсіндірдік. Қазақстан Егемендік алғаннан бастап Алла, Құран туралы дұрыс түсінікке бет бұрдық. Шын ниетпен жалбарынсаң Алла кешіреді деп ойлаймын. Бір күні Ержан қайным үйге келіп: -Тәте мен Бекзат досымның үйіне барып келдім қыздары пысық екен. Соның бір қызын Бүркітке алайық,-деді.

-Орынбасар ағам мен Сағатты білемін. Содан балалар өздері біздің айтқанымызды ала салады дейсің бе,-дедім.

Сол айтылған сөзден кейін Ержан қайтыс болып кеткен. Содан біраз жыл өткен соң Бүркіт үйленемін деді. Сөйтсем сол Бекзаттың қызы Ұлпанды жақсы көреді екен. Жарайды өзіннің қалағаның болсын дедім. Сөйтіп Бекзат пен Жұмакүлдің қызы Ұлпанды келін қылып түсірдік. Қазір ойлап отырсам Ержанның да ойын Алла сол кезде құптаған екен ғой деп ойлаймын. Ұлпан келгелі де біраз жыл болды. 2 баласы болды. Осы уақытқа дейін оның ренжіп ашуланғанын байқамадым. Менің ауырғанымда да екі жылдан асты. Қатты ауырған кезде маған қарап, түн жарымы болса да ренжімей шайымды беріп, жағдайымды жасады. Мені білетін үйге келген адамдар «өзіңізге тартқан екен, қонақ күтуі де тазалығы да» деп айтады. Аллаға шүкір. Бұл да Алланың маған берген жәрдемі шығар деп ойлаймын. Біздің үйде қонақ көп болатын. Атамның қатарлары, апамның төркіндері т.б. Көкемнің достары жиі келетін. Қонақты бар ықыласымен күтсең келеді. Жаңатастағы жолдасы майор Кенішбек Жолшиев Көпекеңнің қазасына мына өлең жолдарын арнады.

Қайран досым ерекше бір жан едің,
Достарыңа жан беруге бар едің.
Қайыспайтын, бүгілмейтін қашанда.
Көп жігіттің ішіндегі нары едің.

Өлген жоқсың, сен бізбенен біргесің,
Кеше ғана ортамызда жүргенсің.
Сондықтан сен мәңгілікке тірісің,
Сол баяғы достарымыздың бірісің.
Жолдас артқан, ел сыйлаған сері едің,
Бағаң болар достар берген дер едім.
Дастарханың достарыңа әрқашан,
Жатушы еді кең жайылып, сері едің.

Қазаң сенің қатты батты біздерге,
Қалдырсаң да өшпейтұғын іздер де.
Ұйықта досым топырағың торқа боп,
Қоямыз-ау талай келіп гүлдер де.

Алматыдан келді саған Тұрашың,
Мұхатайда нағашы інің, жұратың.
Қанша жылап қиналғанмен бәріміз,
Зар болдық қой келбетіңе, күліп тұратын.

Мен айырылдым жұбайымнан, досымнан,
Күткенім жоқ ем болады деп тосынан.
Бар болса егер о дүниеде тірішілк,
Сәлем айтқын Мәрзияға бұл дүниедегі досыңнан.

Кенішбек 27.08.91 жыл.
Сағат 23-35-те жазылған.

(Жалғасы 5-бетте).

(Басы 4-бетте).

Көпекеңнің достары өте көп болды. Соның бірі Сәкен Ниязбеков Шолаққорғанда бас дәрігер болды. Шымкенттегі пединстиутта аға мұғалім болған Жұмағали Мақашев, ауданның Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбековтар болды. Сексенбай мен оның зайыбы Үрзадамен пединститутта бірге оқығанбыз. Мен ұлт мектептерінде сабақ беретін бөлімінде, Сексенбай тарих факультетінде, Үрзада қазақ тілі мен әдебиет факультетінде оқыды. Мен оларды бұрынан танимын. Бір күні Көпжасар түске таяу сабақтан үйге келді де: -Сара дайындал мектепке комсомол хатшысы, бір жігіт келді. Онымен мен Шолаққорғанда бірге оқығанмын,-деді. Дайындалып отырмын сағат 5-те келді. Қарасам Секең!

Бірден танып: -Ой Сара! «сен қайдан жүрсің бұл жақта» деп екеуіміз құшақтасып, амандасып жатырмыз. Содан ол Шолаққорғанда Көбекеңмен бірге оқығанын айтып мәресәре болдық та қалдық. Сол кезден бастап таныстығымыз достықпен жалғасты. Алматыда Тұрлыбек деген жолдасы болды. Мен ойлаймын семьяда бала не көрсе соған бейімделеді екен. Осы күні балаларым Бақытжан, Бауыржан, Бүркіттің де достары көп. Ер адамның достарының көп болуы алған жарларына да байланысты. Келіндерім Нұрғайша Ұлпанда келген қонақтарды бар ықыласымен күтіп шығарып салады. Себебі оларды ата-аналары солай тәрбиелеген. Көбекеңнің жақсы жолдасының бірі Аманжол Тұрабаев еді. Ол аурухананың бас дәрігері болды. Жастары алшақ болса да екеуі бірбірімен қатты сыйласты. Аманжолдың зайыбы Дариға менімен бір мектепте бірге жұмыс істеді. Биология пәнінен сабақ беретін. Біз араласып жақсы сыйластық. Балалары өскен соң бір-бірін қалап ұлым Бақытжан Аманжолдың қызы Нұрғайшаға үйленді. Сөйтіп біз құда болдық. Келінім Нұрғайша да пысық, тәрбиелі болып шықты. 5 ұл қыздың анасы болды. Дос құрбыларына сыйлы болды. Үлкен ұлы Бекзатты біз апамның баласы деп жақсы көрсек те білдірмедік. Біз өзіміз Көбекең екеуіміз үлкен ұлымыз Бақытжанды апам мен атамның балсы деп икемдей алмадық. Содан болар Бақытжан менің атымды атап, өсіп ержетті. Бауыржан мен Бүркітті өзіміздің баламыз деп атадық. Мектепте жұмыс істеп жүргенде мен жақсы араласатын құрбы

құрдас, сіңлілерім болды. Олар Садыбекова Жақсықүл әрі құрбым. Қиясова Дариға құдағиым, Божанова Фатима, Үмітай әпкемнің келіні Оразбаева Алмагүл (келін еді қайтыс болып кетті) Өте жақсы өз сіңілімдей көретін Нұрдида (гегография пәнінің ұстазы) Ермаханова болды. Екеуіміздің анамызда бір бірімен жақсы араласты. Біздің кезімізде білімді, ұлағатты ұстаздар көп болды. Мысалы Сатыбалды, Қанибек, Қалабек, Орынбек, Орынбасар, Пәрімбек т.б. біз бұл ағайлардан көп сабақ әдістемелерін үйрендік. Бұл кісілер жас мұғалімдердің сабағына қатысып, ақыл кеңестерін үйретіп отыратын.

Анам туған абысыны Қызылгүл апаммен бірге тұрды. Жеңгеміз Ермек (қыпшақ. Мамамызға жақын ағайынның қызы. Сейтжаппар деген кісінің Үмітай деген әпкеміздің қызы) Көкем үш балалы болғанша бірге тұрдық. Кейін оқу бітіріп «Красная Нива» совхозына инженер болды. Дінмұхаммед Қонаев осы совхозда болып ағамның жұмысына деген ризашылығын білдіріпті. Оныншы кластағы оқушым Оразхан Анарбекұлының сыйға берген 2 кітабын екінші рет оқып отырмын.

Сара САРМАНОВА,
«Еңбек ардагері», «Алтын алқа» медалдарының иегері,
ардагер ұстаз.
(Жалғасы бар).

Тілім менің-таусылмайтын байлығым!

Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз қазақ тілімен біте қайнасып жатыр. Өзге ұлт өкілдері болсақ та туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз. Өйткені, тіл–ата-бабамыздан бізге қалған аманат. Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген осыдан шыққан болар. Тіл халықпен бірге жасайды, өркендейді. Тәуелсіз Қазақстанның көгінде көк байрағымыз желбіреді, әр қазақтың жүрегінде Әнұранымыз айтылды. Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы бар. Ендігі біздің міндетіміз тілімізді сақтап, осы тілде сауатты жазып, ойымызды қазақ тілінде таза жеткізу, ардақтап құрметтеу.

Туған жерді риясыз сүю, тілді құрметтеу сынды игі қасиеттер менің бойыма мектеп қабырғасында жүргенде дарыған сияқты. Науайы атындағы мектепте оқи жүріп түрлі олимпиада, сайыстарға, жарыстарға қатысып, белсенді оқушылардың бірі болдым.

Отанға, жерге, тілге деген сүйіспеншілік қасиеттерді бүлдіршіннің бойына балабақшадан бастап сіңіру қажет деген оймен, 2007 жылы 9 сыныпты бітіріп, Түркістан қаласындағы Түркістан гуманитарлық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығына түсіп, 2011 жылы үздік диплом иегері атандым. Онда да белсенді тәлімгерлер қатарында болдым. Колледжде «Мен болашақ үздік тәрбиешімін» байқауында «Бас жүлде» иегері атандым. «Тілім менің–тірлігімнің айғағы» атты көркемсөз шеберлерінің сайысында І орын иелендім. 2011 жылы Шымкент педагогикалық университетіне «Педагогика және психология» мамандығына оқуға түстім. 2012 жылы Созақ ауылында «Созақ» бөбекжай-балабақшасына өз мамандығым бойынша тәрбиеші болып жұмысқа орналастым. Жұмыс барысында балалардың тіл тазалығы, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға бейімдеу бағытында жұмыстар жүргізіп келемін. Басты мақсатым-бүлдіршіндерді туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу, өз ана тіліне деген құрметін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Бала тәрбиесімен айналыса жүре, 2020 жылы отбасы құндылығын нығайту, ұлттық дәстүрді құрметтеу мақсатында аудандық «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен өткізілген «Мақал–сөздің мәйегі» атты байқауға отбасымызбен қатысып, жүлделі І орынды иелендік. 2022 жылы «Тәуелсіз елім – Қазақстаным!» атты аудандық байқауға қатысып, ІІ орын иегері атандым. Осы мекеме ұйымдастырған түрлі байқауларға тұрақты қатысу арқылы мемлекеттік тіліміздің этносаралық тіл ретінде дамуына өз үлесімді қосып келемін деп ойлаймын.

Тіл-мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы. Қазақ тілі-біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз–оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту.

Хуррият УШИБАЕВА,
«Созақ» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУ-МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Тіл–тәрбие діңгегі, тіл–білім, ғылымды игеру көзі, тіл–ұлттың жаны, мемлекеттің нышаны. Ел қорғайтын өр мінезді де, намыс пен жігерді де ата-бабаға ана тілі арқылы сіңдіреді. Жылдардан–жылдарға ұласып жинақталған мол тәжірибе мен білім қоры да ұрпақтан–ұрпаққа сол тілде жеткізіледі. Ана тіліміз арқылы салт-дәстүріміз қалыптасып, ұлттық нышан ретінде өріле түседі. Ана тілі арқылы ұлттық болмыс бітеді. Тілінен айырылған ұлт барлық құндылықтарынан ада болады десек те артық емес. Осы аталғандардың барлығы тәрбие, білім, дәстүр ана тілінің арнасынан бастау алғанда ғана біздің мемлекетіміздің тұғыры қатайып, ішкі бірлігіміз нығайа түспек. Ата заңын сыйлайтын әрбір азамат ұлтына, тегіне қарамай, қазақша үйренуге міндетті. Осы ұстаным біздің темірқазығымыз болуы тиіс. Қазақстан Республикасының негізгі тілі–мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу–біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Мемлекеттік тілді бірінші кезекте, мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін азаматтардың білуі заман талабы. Мемлекеттік тілді меңгерем деушілер үшін басты мәселе олар өздері үшін қазақ тілінің мәртебесінің биіктігіне көз жеткізуі керек. Еліміздегі мемлекеттік тілді дамытудың бағдарламаларына байланысты бүгінде барлық салада мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейгендігі даусыз. Қай сала болмасын, кіріс-шығыс, ішкі және жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, барша жұмыс жүйелері қазақ тілінде қаралып, атқарылып жатқандығы айқын. Бүгінде қазақ тілі мемлекеттік биліктің барша саласында лайықты биігіне көтерілді.

Жұртшылықпен жұмыс істеп жатқан соң, бізден сұранатын талап- әділеттік, өз ісін білу, түрлі ереже, нұсқаулықтармен танысып отыру, өз деңгейінді көрсету, ең алдымен ұжымда кішіпейіл болу. Ал мемлекеттік тілді білу–біздің ең қадірлі ұстаным. Бабалар қалдырған құнды мұра - ана тілімізді сақтау және құрметтеу біздің осы өмірдегі парызымыз әрі міндетіміз.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,-деп қазақ атамыз тегін айтпаған. Тіл–ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Ел тәуелсіздігі–тіл тәуелсіздігі, тіл-ұлттың төлқұжаты, мемлекеттік тұғыры демекші, осы бағыт-тағы болашақтың берік іргетасы бүгін қалануы қажет. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың мемлекеттік тілде жұмыс істеуіне жақсы жағдай жасаумен қатар, мемлекеттік тілде іс жүргізуді де жүйелі қалыптастыру керек. Сонда ғана ана тіліміз өсіп-өркендеп, үлкен мәртебеге ие болады, қазіргі әлемде кең қолданыста жүрген тілдермен терезесі теңеледі.

Қанат МЫҢЖАСАР,
Созақ АПБ-нің КСТ аға инспекторы,
полиция аға лейтенанты.

Жақсы адам жайлы есті естеліктер

Қазақта «Өлдің өштің» деген сөз бар. Алайда, «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген де халық даналығы бар. Бұдан шығатын қорытынды, артына жалғасын табар игі іс, сол игі істі жалғастыратын ізгі ұрпақ қалдырған жақсы адамның аты өзі өлгеннен соң да жасайды. Міне сондай жақсы адамның бірі жайлы былтырғы жылы «Теріскейдің Тағабегі, аяқ доптың аға-бегі» деген тақырыпта мақала жазғанмын. Ол уақытта Теріскейдің Тағабегі, заманДастары Толик атап кеткен теңбіл доптың шебері аяқ астынан сырқаттанып, аудандық ауруханаға түскен еді. Суыт хабарды естіген достары мен шәкірттері жетпіс жылда бірінші рет құлаған Созақ аяқ добының сардарының сырқатына кәдімгідей үзілді. Өйткені, Құдиярдың құлыны, Марлен баланың мәрт атасы Тағабек ағай айналасы танып білгелі өмірдің тек салауатты өмір салтын ғана ұстанатын. Сол себепті де достары мен шәкірттері менен Тағабек жайлы мақала жазып беруімді өтінді. Мақсаттары, көзін ашқанында өзі жайлы, өзінің жүріп өткен өмір жолы жайлы оқып, Толик ағайдың аяққа тұруына мотивация болар ма екен деген үміт еді. Әрине, Жаратқан өлшеп берген өмірді мотивацияның қандай түрі болса да ұзарта алмасын бәріміз білеміз. Дегенмен, кейіпкерімнің көзін ашқандағы көрген- білдерінің бірі аудандық «Созақ үні» газетінің кезекті санында жарияланған өзі жайлы жазылған мақала еді. Әлбетте мен ол сәтте Тағабек ағайдың жанында болмадым. Алайда, шәкірті Бақтыбай ағайдың әңгімесінен ұққаным, ол кісі қатты қуанған. Себебі, мақала ол кісінің ұстазы Батыров Таужан ағай мен шәкірті Бақтыбай ағайдың естелік әңгімелерінің үстіне құрылған еді. Міне, сөйткен Тағабек Құдияровтың да мына дүниеден алар нәсібі, жұтатын демі таусылған екен ғой. Араға үш-төрт күн салып Бақтыбай ағай телефон соғып: «Данияр, ағайымыз о дүниелік болды, айналдырған ауру өліміне ұласып, атырапында торуылдап жүрген ажал ақыры алып кетті!»- деп, кәдімгідей өзегін жарған өксікке тығылып қалды. Әне, ағайын! Осы оқиғалардың орын алғанына да бақандай бір жыл уақыт өтіпті. Тура бір жылдан соң, Теріскей жұрты Тағабегін еске алмақ болып жатыр. Бұл жолы да сол достары мен шәкірттерінің атынан Тағабек ағайдың төл шәкірті, өмірімі мен еңбек жолының ізбасары Бақтыбай ағай хабарласып, жылдық асының жақындап қалғанын айтты. Тағы да елі үшін еңбек еткен ерді еске алатын, есінен шығарғандардың есіне салатын есті бір, естелік мақала жазып беруімді сұранды. Әрине, мен өзім сыйлайтын, өзімді сыйлайтын жақсы ағалардың сөзін бұл жолы да қия алмадым. Оның үстіне біз таныған Толик ағай 80 жылдары мен орта білім алған бұрынғы Калинин, қазіргі Асқар Сүлейменов атындағы орта мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ бергенін алдыңғы мақаламда да жазғанмын. Өз ісінің кәсіби маманы, өмірі бойынша ұстаздық етуден жалықпаған Тағабек ағайымызды шәкірттерінің бәрі дерлік ол кісіге құрметпен қарап, қадір тұтатын еді.

Сонымен, Теріскейдің Тағабегі жайлы ұстазы мен достарының және шәкірттерінің (аяқдопшы) естелік әңгімелерін бұған дейінгі жазбаларымызда жеткіздік. Ендігі жерде естелік жазып, ерін елінің есіне салу кезегін Тағабек Құдияртегінің жары мен немерелеріне және мектепте бірге қызмет істеген ұжымына берелік!

Жақсы адамға жар, балаларына ана болған Айман апайдың естелігі

«Тағабегім! Екеуміз үйлі болып, шаңырақ көтергенімізге отыз үш жыл болғанда бұл фәниден оздың. Сенің соңғы демің шыққанға дейін мен сенен күдер үзбедім. Өлмейтіндей, әлі де өмір сүре беретіндей көріп, ойымды жамандыққа бұрмадым. Шолақ-қорғандағы дәрігерлер Полина мен Нұрлан балам: «Ауруының түрін білесіз ғой, енді көп қалған жоқ!»- десе де, үміт үзбедім. Мені қорқытпайын дедің бе, сен де өлім жайлы ештеңе айтпадың. Сондықтан ба, мен де ешнәрсені жаман ойламай қасыңда жүре бердім. Осындай соқыр сезімнің жетегінде жүріп бұл фәниден кеткеніңді бірақ білдім. Сен кеткенге дейін өлім жайлы ойламаппын. Өмір осылай жайлап өте беретіндей күйде жүре беріппін. Үй болып, ұл-қыз өсіріп, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріппіз. Жанұямызда бір-бірімізге түсіністікпен қарап, сыйласып, өттік десем де болады. Сен үнемі маған: «Сен білмейсің ғой, мен сені өзімнен жоғары санаймын» деуші едің. Отырыстарда, той - жиындарда, санаторияларда болғанда да әуелі мені отырғызып, кейін барып өзің отыратынсың. Қолыңнан келгенше құрметтеп, еш нәрседен қақпадың, мен не айтсам да «дұрыс» деуші едің. Алғаш ауырған жылдарда мен сенің алдыңда кетсем екен дейтінсің. Мен ар жағын терең ойламай: «Қойшы, не болса соны айтпай!»-дейтінмін. Сөйтсем, сол кезден-ақ жағдайыңды сезген екенсің-ау. Бұл күнде көп ойланатын болдым. Пендешілікпен сені бағалай алмаған кезім болды ма екен - деп те ойға бататын кездерім көп. Кеткеніңе жыл болып қалса да әлі күнге бір жерден шыға келетіндей жалтақтап жүреміз. Бейсенбі сайын бала-шағаң саған арнап иіс шығарып, құран оқиды. Жансая, Марленің құран оқылғанда қолдарын жайып атама тие берсін деп отырады. Отбасыңдағы естеліктерде сені қимастықпен еске алады. Бұл да болса көңілге медет. «Адам ұрпағымен жүз жасайды » деген осы шығар. Артыңда қол жайып, дұға тілейтін ұрпағыңның болғанының өзі бір бақыт емес пе. Кіші немерең, Кәусарыңнын тілі «Ата» деп шықты. Келінің мен балаң: «Әкеміз болғанда «мені айтып жатыр»- деп қуанар еді-ау деп мұңаяды. Сені еске алатын, сені сағынып құрметтейтін бала-шағаңнын бары да көңілге медеу. Жәй күндері де құран оқып, қол жайғанда да Алладан сенің жатқан жерің жайлы болсын деп тілейміз. Өзің тапсырып кеткен ұрпақтарыңның ортасында, солардың тілеуін тілеп жүріп жатырмын. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болып, орының пейіштен болса екен деп тілеймін, ардағым!». Саған деген сағынышпен жан-жарың, балаларыңның анасы, Айманың!».

Айгерім атасы жайлы

Атам мен үшін орны ерекше жан болатын. Бала кезім аса есімде қалмаса да, атаммен өткізген сәттер есімде жақсы сақталыпты. Мені балабақшадан алып қайтарда алдына алып, рульді ұстатушы еді. Ол кезде мен үшін бұл ерекше сезім еді. Мектепте көрген сайын аш жүрмесін деп, қолыма ақша ұстататын. Тағы да: «Жетпесе сұра!»- дейтін. Қызық, өскен соң ұялатын болдым. Ал енді, құрбыларым: «Атаң ба, күштісін-ай!»- дегенде, іштей бір мақтаныш сезімі бойымды билеп жүре беретін. Ес біле бастағаннан барынша білгенін айтып, оң солымды ажыратуда өз ықпалын тигізе білді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!»- демекші, мені алғаш спортқа баулыған да атам болатын. Өзгелерге де жақсылық көрсете білген атамның сыйлы тұлға болғаны көпшілікке мәлім деген ойдамын. Өзінің айтуынша, алғаш «ата» деп атаған мен екенмін. Сондықтан болар, мені ерекше жақсы көргендігі мені қатты қуантатын. Атам біршама немерелерінің қызықты кездерін көріп үлгерді. Шыны керек, атамның өмірден кеткеніне саналы түрде сенгенімімен, іштей олай емес. Барғанда дәл баяғыдай көзінен мейірімі төгіліп, «Айгелья» деп алдымнан шығатындай көрінеді...».

Марленнің марқұм атасына деген сағынышы

Менің атам өте жақсы еді. Маған сабағымды оқытып, үй тапсырмаларын орындауымды қадағалайтын. Футбол, теннис, шахмат ойнауды үйретін маған. Атам маған ешқашан ұрыспайтын. Менің атам жақсы адам. Мен атамды өте жақсы көремін. Неге кетіп қалды екен деп ойланамын. Басқа балалардың аталарымен жүргенін көргенде...

Ұлағатты ұстаз жайлы ұжымдастары

Ұстаздың ұстазы Құдияров Тағабек ағайымыз өнегелі жан, жанашыр тәлімгер бола білген ұлағатты тұлға. Сонымен қатар ол азамат ретінде туған халқының, өзі өмір сүрген қоғамының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ел мақтанышы. «Өлмейтұғын артына із қалдырған» ұстазымыздың әрбір ғибратқа толы тәлімі біздің жадымызда қала бермек.

Әсілінде, баршамызға белгілі «мектеп» деген ұғым бар. Бұл белгілі бір сала бойынша жан-жақты толысқан нәтижеге байланысты айтылады. Мұндай орта, тұлға әр салада кездескенімен, бұл дәрежеге көтерілу– қиынның қиыны. Оған тынымсыз еңбек, ерекше даналық, парасат пен өз ісіне деген үлкен жанашырлық керек-ақ. Біздің Тағабек ағайымыз да осындай мектебі қалыптасқан әрі өзі бір мектепке айналған тұлға бола білді. Ең кереметі, ол кісіден тек өз саласындағы әріптестері, яғни дене шынықтыру пәні мұғалімдері ғана емес, барша ұстаздар қауымы, тіпті әрбір шәкірт пен ел азаматтары өнеге, тәлім алды. Әлі есімде пән мұғалімі тапшылығына байланысты бір жас маманымыз дене шынықтыру пәніне ауыстырылды. Сонда өзі еңбек жолын жаңа бастаған ол «менің пәнім басқа, дене шынықтыруға қалай ауысам, үйреніп кетуім оңай болмайды ғой» деп тартыншақтаса керек. Сонда арамызда жүрген білікті ұстаздарымыздың бірі «еш уайымдама, Тағабек ағайың бір университеттің білімін бере алатын тұлға, тек үйрене алсаң болғаны» деген екен. Бүгінде сол әріптесіміз білікті маман, өз саласының білгіріне айналды. Өзі бір университетке татитын ұстазымыздың шеберлігі мен біліктілігін, тұлғалық ерекшелігін бір мақалада айтып шығу мүмкін де емес.

Ағайымыздың тәлімі ең әуелі сәлемнен басталатын. “Сөз атасы-сәлем” дегендей, ол кісі үлкен бе, кіші ме, ұстаз ба, шәкірт пе-барлығымызға сәлемдесіп жүруді ескертетін. Өзі де ұмытпай амандық білдіріп, сәлемдескен оқушы болса да, қал-жағдайын сұрап, тілдескенді жөн көретін. Сондықтан мектеп ұжымы жиналысында да, оқушылар жиынында да бірінші айтары осы-сәлемдесу”-дейді ұжымдастары атынан мектеп директоры Зұлхарнаева Құралай Амангелдіқызы.

Әнеки, ағайын! Жыл бұрын Жаратушысына қайтқан жақсы адам жайлы жақындарының жылы лебіздерінен тұратын есті де естелікке толы мақаламыз мәресіне жетті. Әрине, жанымызда жүргенде жақсылығының бәрін аңғара білмеген аңғал, ақкөңіл азамат жайлы жазылған естеліктер көп болды. Бірақ, газетіміз оны көтере алмайтын болғандықтан ықшамдап беруге мәжбүр болдық. Сөз соңында, Жаратқан жұрты жақсы адам көрген жанға жар болсын!

Данияр БЕК.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу- әрбір азаматтың міндеті

Бұл сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті. Жемқорлық-қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған. Осы ретте, егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдем көрсететін болсаңыз, онда сізге қол сұғылмаушылыққа байланысты мынадай мемлекеттік кепілдіктер тағайындалады:

-егер сіз жемқорлық заң бұзушылық фактісі бойынша немесе жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз–онда мемлекет қорғауында боласыз;

–егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз, қажет жағдайда, жемқорлықпен күресті жүргізіп жатқан органдар сіздің жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуі керек. ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес Агенттігіне хабарласаңыз жемқорлық фактілерін хабарлайтын тұлғаларды қорғау департаменті жұмыс жасайды. Қажет болса, тұлғалады қорғау барысында құпия іс жүргізуге, олардың мекен- жайы, тегі мен тіпті бет-әлпетін өзгертуге де мүмкіндік бар. Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді.

Аталған іс-шаралар жоспарына сай Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратында алдағы уақытта да жұмыстар өз деңгейінде жүргізіле береді. Сыбайлас жемқорлық пен күресуді, оның алдын алуды, тек мемлекеттік органдар ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлетін Қазақстан Республикасының болашағына, жаны ашитын барлық азаматтар жүзеге асыруымыз қажет.

Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22ақпандағы №814 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының «Сенім телефоны» 47-31

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мм-сі.

Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Қайнар ауылының тұрғыны, ауылшаруашылығы саласының ардагері, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Әбенұлы Нұрғали** әкеміздің өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Асыл әке, аяулы әке ардақтым,
Көтердің-ау ең ауырын салмақтың.
Өмірінің қысы мен жазында,
Ұл-қызыңды қиясына самғаттың.
Сен кеткелі көрсетпеді ай жүзін,
Сен кеткелі барша әлем тұнығыық.
Рухыңа арнап құран бағыштап,
Ас береміз ағайынға жиылып,-дей отырып, әкеміз рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 12 ақпан күні (11 ақпан – қонақ асы) Қайнар ауылында өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар жары, ұл-қыздары, келіндері мен күйеу балалары, Әбеновтер әулеті.

Жұмақтан болсын мекенің

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, аяулы жар, ауданға сыйлы азамат **Ғазиз Нышанбаев** әкеміздің өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

Біздер үшін асқар едің, шың асқақ,
Сенсіз қалды жанымызда шын ақсап.
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,
Кеттің әке, жанымыздан жырақтап, - деп, асыл әкеміз Ғазиз Нышанбаевтың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас–18 қаңтар күні (17 қаңтар–қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Ә.Әшірбеков көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, Нышанбаевтар отбасы.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Айжан Тлеулисоваға жұбайы

Мұрат Асылбековтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

2023 жылғы 15 наурыз сағат 11.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а.п, Қыземшек ауылы, Мәдениет үйінің ғимаратында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Инкай» уран кен орнының №3 учаскесінде тәжірибелік-өндіріс жобасы»бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Skype бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04wed.zoom.us/j/6165408596?pwd-a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Әсер ету аймағы: Түркістан облысы, Инкай кен орны, №3 учаскісі.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ. 168, Бөгенбай батыр тел.: +7 (702) 0001760, e-mail: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz

Қоршаған ортаға ықтимал әсер ету туралы есепті әзірлеушінің мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., көш. Бөгенбай батыр к-сі, 168, тел.: +7 (702) 6127738.

Жоба материалдары www.ecoportal.kz сайтында орналастырылған, сондай-ақ «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сайтында

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru.

Белгіленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz, телефон: 8 702 000 17 60.

Қоғам мен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде. Түркістан облысы бойынша экология департаментінің электронды поштасына жібере алады мекенжайы: ontustik.gov.kz/kk/ немесе www.ecoportal.kz.

Объявление

15 марта 2023 г., в 11.00 часов, по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекскаяп.а., п.Кыземшек, в здании “Дома Культуры”, АО «НАК «Казатомпром» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Проект опытно-промышленной добычи на месторождении урана «Инкай» участка №3».

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «Skype». Ссылка на онлайн-подключение:

https://us04wed.zoom.us/j/6165408596?pwd-a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Территория воздействия: Туркестанская область, Месторождение Инкай участок №3.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Богенбайбатыра, 168 тел.: +7 (702)0001760, e-mail: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz

Реквизиты и контактные данные разработчика Отчета о возможном воздействии: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168, тел.: +7 (702) 6127738.

Материалы проекта размещены на сайте www.ecoportal.kz, также на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» https://www.gov.kz/memleket/ entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл. адресу: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz, тел.: 8 702 000 17 60.

Заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме на эл. адрес Департамента экологии по Туркестанской области: о либо на www.ecoportal.kz.

Туберкулездің алдын алу туралы!

Туберкулез – адам ағзасына туберкулез таяқшаларының енуінен пайда болатын инфекциялық жұқпалы ауру. Туберкулезге тыныс ағзасы – өкпе жиі шалдығады. Сондай-ақ, сирек те болса туберкулезге ми, ми қабықшасы, сүйек, буын, лимфа бездері, бүйрек, жыныс ағзалары, көз, ішек және басқа да ағзалар мен мүшелер шалдығады.

Туберкулез таяқшасы ауада бірнеше сағат бойы жерге түспей, қалықтап тұра береді. Егер туберкулездің ашық (жұқпалы) түрімен ауыратын адам ұзақ уақыт нашар желдетілетін орында (пәтер, жұмыс орны, аурухана, абақты, көлік) болса, сол жердің ауасына туберкулез таяқшалары көп таралып, басқа адамдардың тыныс алу ағзаларына енеді. Туберкулез негізінде осындай жолмен жұғады. Мұны ауа-тамшылы деп аталады. Сондықтан туберкулез таяқшаларын жұқтырудан ешбір адам қорғалмаған, себебі ауа барлық адамдар үшін ортақ.

Туберкулез ауруы басталғанда мынандай белгілер білінеді: жөтел, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, кеуде тұсының ауруы, тәбеттің, салмақтың, жұмысқа деген қабілеттің төмендеуі. Туберкулездің осындай негізгі белгілеріне адамдардың көбі көңіл бөліп, дәрігерге қарала қоймайды немесе өз бетімен ем қабылдай бастайды. Одан әрі бұл белгілердің бәрі күшейе түсіп, науқастың қан түкіруі мүмкін.

Туберкулездің алдын алу үшін келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

- Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын адаммен бірге ауасы тар бөлмеде көп уақыт өткізбеу;
- Туберкулезбен ауыратын адаммен бір бөлмеде жұмыс жасауға мәжбүр болсаңыз, бетперде пайдалану;
- Егер сіздің айналаңыздағы бір адам туберкулезге шалдыққаны жөнінде күдіктенсеңіз, оны дәрігерге қаралуға және толық ем алуға көндіру қажет;
- Науқас жатын бөлмені жиі желдетілуі тиіс – бұл туберкулездің таралуын алдын-алудың маңызды шарттарының бірі.

Осы іс-шаралар науқастың отбасы мүшелерін, әсіресе балаларды, сондай-ақ туысқандарды, әріптестерді және қоғамның басқа мүшелерін туберкулезді жұқтыру мен сырқаттанудан қорғайды.

Туберкулездің алдын алудың сақтық шарттарын мүлтіксіз орындау арқылы Сіз өзіңізді осы дертті жұқтырудан қорғауға толық мүмкіндігіңіз барекенін әрдайым есіңізде ұстаңыз!

М.ӘСКЕРБЕК,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы.

Автокөліктегі өрттің қалай алдын алуға болады?

Ірі апаттық отты бақылауда ұстау оңай емес. Әсіресе өрт автокөлікте туындаса. Көліктегі от немен қорқынышты? Жалындаған от бірер секундте автокөлікті отпен орап қана қоймай, сонымен бірге маңында орналасқан объектілерге де көшуі мүмкін. Автокөліктердегі ірі өрттер қайдан туады? Басты себептері–Негізгі себептер-қысқа толқынды тұйықталу, электр құрылғылары мен жанар-жағар май жүйесінің жарамсыздығы. Автодағы тұтанулар көлік бекетінде ғана емес, қозғалыс кезінде де болады. Өйткені, жол көлігінде жанар-жағар май материалдары мен тұтануға әкелетін от көздері аз емес, сондықтан әрқашанда өрт туу ықтималдылығы болады. Көлікте өрт сөндіргіш пен дәрі қордишасын ұстаңыздар. Осылардың арқасында сіз өз өміріңіз бен бірге жан жағыңызды да құтқарып қалуыңызға болады. Және де, әрине техникалық эксплуатация ережелерін сақтаған маңызды. Қосымша электр құрылғыларын орнатуда мұқият болыңыз, жанар-жағар май жүйесі күйін әрдайым тексеріп отырыңыз. Әр көлік иесінің жоғары жауапкершігі ғана автокөліктердегі өрттерді болдырмайды.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің бастық орынбасары азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сексеуілді сиретпейік!

Қазақстанның ең үлкен байлығы–халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Табиғаттың тазалығы орман көркейуі еліміздің шөлейт аймақтарында да оның орны ерекше. Мыңдаған шақырымға созылып жатқан құмды аумақта жайқалып өсіп тұрған жасыл қалқан табиғатқа сұлу көрініс береді. Ауаны оттегімен қамтамасыз етеді. Құмды аймақтарда өсетін сексеуіл ағаштарының сол жерлердегі табиғаттың жайқалып, тұруына септігін тигізеді. Жерасты тұзының көтерілуіне жол бермейді. Құммен бірге желді, шаңды тоқтатады. Сексеуіл ормандарындағы түрлі шөп қаулап өссе малға жайылым. Шөлейт аймақта өмір сүретін халық сексеуілдің қадір қасиетін біліп отындыққа сындырып алмай, тамызыққа рұқсат беріліп жатырған басқа бұталар мен ағаштарды қолданып жатса сексеуіл ағашының көбейуі жоғарылар еді. Облысымызда Шардара, Арыс, Отырар, Созақ аудандарында өсетін бұл ағаш түрлері қазіргі таңда ерекше қорғалу үстінде. Соның бір бөлігі Созақ ауданындағы, «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-і, мекемеге қарасты жалпы 1034898,4 гектар орман қоры жері, оның ішінде сексеуілмен көмкерілген 355961,6 гектар жерін атап өтуге болады. Созақ ауданы үшін сексеуілді орманның орыны ерекше. Осыдан біраз жылдар бұрын экономикалық түрлі қиындықтарға байланысты сексеуілді себу және отырғызу азайған болатын. Кейінгі жылдары облыстық бюджеттен сексеуіл алқаптарын өсіруге қаражат көзі едәуір бөлініп молайту үшін тиісті жұмыстар жасалынуда. Бұл өз кезегінде орманшылар үшін үлкен жетістік. Республика көлемін жалпы сексеуіл ағаштарын қорғап сақтау үшін біраз іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бір бөлігі атап айтар болсақ аудан көлемінде орман шаруашылығы қызметкерлері аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен рейдтік іс-шара жоспарын бекітіп жыл сайын арнай іс-шаралар жүргізіп жұмыстар жасалынуда. Аталған іс-шараларды жүргізу үшін мекеде 6-дана патрульдік автокөліктер мен қызметкерлер жұмылдырылып жүйелі жұмыс жасалынып жатыр. Сексеуілді қорғау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі № 460 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 9 тамыздағы № 815 Қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл ағаштарының барлық кесік түрлеріне 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін шектеу қойылған. Сонымен қатар 2017 жылғы бірінші шілдеден «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер және жануарлар дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Осы заңның күшімен Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 32 бабына 4-4 тармақшасымен толықтырулар енгізіліп, 2017 жылдың 1-шілдесінен бастап Республика аумағында сексеуіл отындарын сауда нүктелерінде сатуға тиым салынды және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығымен секс еуіл ағаштарының барлық түрлерін 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін кесуге тиым салынды. Сексеуілді қорғап сақтауда халықтың да жауапкершілікпен қарауға тиіс, себебі сексеуіл ағаштары құмды аймақтарда жойылған жағдайда құмның көшіп елді мекендерді құм басу қауіпі туындайды. Бұл өз кезегінде экологиялық ақуал тудыруы мүмкін. Ал сексеуіл ағашын заңсыз кескен азаматтарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 381-1 бабымен жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жолмен айыппұл салынып, көліктері мен басқа да құралдарын тәркілеу жазасы белгіленген. Табиғатқа аса ірі көлемде зиян келтірген болатын болса ҚР Қылмыстық кодексімен қылмыстық іс қозғалады. Бұдан басқа, орман алқабына зиян келтірушілер материалдық жауапкершілікке тартылады. Шөлейт аймақтың шырайын келтіріп отырған сексеуіл ормандарын үлкен –кіші болып бірлесіп қорғайық. Жайқалған сексеуіл ормандары бізге ғана қызмет етіп қоймай келешек ұрпақ үшін өмір сүруі қажет. Сондықтан оның тамырына балта шаппас бұрын ойланайық.

Біз, бәріміз орман туралы ойласақ көз алдымызға – табиғат келеді. Ал, табиғатты ойласақ – орман келері хақ.

Орманның пайдасы орасан зор. Табиғат адамзаттың ежелден бері тіршілік етіп, өмір сүріп келе жатқан ортасы–деп айтсақ еш қателеспейміз. Ал адамзат табиғатпен бірге, біртұтас болып, табиғатта - бұдан былай да мәңгілік мекен ете беретін алтын бесігі.

Қазақстанның ең үлкен байлығы – халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Айналамыздағы өсімдіктер мен жабайы жануарлар – табиғат байлығы.

Осы орайда, ойымызға халық даналарының бірінің сөзі есімізге келеді.

Ол: «Адам табиғатқа тәуелді болса,

Табиғатта оған тәуелді

Табиғат адамды жаратқан болса

Адам табиғатты жаңғыртады».

Ғанижан ПЕНТАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі ММ КММ Орман қорғау инженері.

Ақысыз тіл курстарына шақырамыз!

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» берілген нақты тапсырмаларды орындау, нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауданның ересек тұрғындарын, мемлекеттік қызметшілер мен түрлі сала қызметкерлерін қазақ, орыс, ағылшын тілдерін сауатты меңгеруге шақырады. Оқыту курстары ересек тұрғындарға тегін жүргізіледі. Тіл үйренгісі келетін азаматтар үшін тәжірибелі оқытушылар дәріс береді. Мемлекеттік тіл – ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгейлері бойынша меңгертіледі. Орыс тілінің сабақтарында лексикасы мен грамматикасы және ауыз екі сөйлеуге дағдылындыру дәрістері жүзеге асырылады. Ал ағылшын тілі қарапайым, орта, (Beginner, Elementary) деңгейлері бойынша кезеңімен оқытылады. Біздің байланыс телефонымыз: 4-29-85, 4-28-21, 8771-627-02-06, 8778-626-90-36. Мекенжайымыз: Жібек Жолы көшесі, №5. «Мыңжылқы» мәдениет сарайының ғимаратында.

Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығының» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

«Жасөспірім» іс-шарасы

Түркістан облысы полиция департаментінің №1-30-4-34/721-И санды нұсқауына сәйкес, ағымдағы жылдың 30 қаңтар мен 1 ақпан аралығында, аудан аумағында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдерді және бала тәрбиесіне немқұрайды қарайтын ата-аналарды анықтау, сонымен қатар жасөспірімдердің суық және атыс қаруларын алып жүрулерін және оларды қолданып қылмысқа баруларының алдын алу мақсатында «Жасөспірім» профилактикалық алдын-алу іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның мақсаты құқық бұзушылыққа бейім кәмелетке толмағандарды және балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды анықтау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойынсауық мекемелерінде болуына және түнгі уақытта заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуын анықтап, жасөспірімдер жасайтын қылмыстың алдын алу және ескерту, құқыққа қарсы бағыттағы жасөспірімдер топтарын есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, алкогольдік ішімдіктерді пайдаланатын кәмелетке толмағандарды, сонымен қатар оларға алкогольдік ішімдік пен темекі өнімдерін сату арқылы қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тартатын ересектерді анықтап оларға тиісті шара қолдану көзделген.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу көбіне жасөспірімдердің бос уақытында ұйымдастырылатын әр түрлі қызметтердің жұмыс сапасына байланысты.

Т.ЖЫЛҚЫБАЕВ,
Созақ АПБ ЖПҚ бастығы, полиция майоры.

Киік-киелі аң

Қазақ өзіне жақын тұтып, аялап, кие тұтатын түз тағыларының бірі – киік. Қызға Құралай деп ат қою, елден ерек сүйкімдіні «Киіктің лағындай» екен немесе «Құралайдың көзіндей мөлдір» деген әдемі теңеулер халқымыздың сайын даланың еркесіне деген ерекше көзқарасынан, оны жанына жақын тұтқанынан туса керек. Ал, зерттеушілер мен табиғат жанашырлары киіктің ерекше, ешбір аңға ұқсамайтын қасиеттерін алға тартады.

Киік – қазақ секілді сайын даланы еркін мекендеп, судың тұнығын ішіп, ауаның тазасын жұтып, жердің сұлуын таңдап көшіп-қонып жүретін түз тағысы. Халқымыз мамырдың аяғына таман соғатын суық желді «Құралайдың салқыны» деп бекер айтпапты. Өйткені, бұл уақытта күтпеген жерден ызғарлы суық келіп, жаңбыр мен қар араласып жаууы мүмкін. Дәл осы кезеңде киіктер төлдейді. Түз тағысы алдын-ала шыбын-шіркей жоламайтын, үнемі жел есіп тұратын беткейді таңдайды. Ақбөкен басқа жануарлар секілді шаранасын жаламай, лағын бірден төпелеп тұрған жаңбыр суының астына тосып, өзі де жаңбыр суына тазаратын көрінеді. Шарананы желдің өзі кептіреді.

Киіктің тағы бір ерекшелігі, жетімін жатқа қалдырмайтын қазақ секілді жетім қалған лақтарды далаға тастап кетпейді екен. Маң далада аналық алдынан маңырап шыққан жетім лақты емізіп, бауырына басып, өзімен бірге қалдырмай ертіп жүре беретін мейірімді жануар деседі мамандар. Сонымен бірге ақбөкеннің ен далада ойнақтап жүрген мыңдаған лақтың ішінен өз төлін адаспай табатын қасиеті бар екен. Олардың тағы бір ерекше қасиеті – ұрғашы киіктер іштегі төлінің ұрғашы немесе еркек болып туылуын өздері реттейтін көрінеді. Егер араларында текелері азайып бара жатса, сол жылы кілең еркек лақтарды өмірге әкелетін, өз өсімін өзі бақылайтын жер бетіндегі бір ғана жануар осы киік.

Табиғатында өте төзімді әрі шыдамды және жүйрік жануардың жаңа туған лақтары жарты сағаттан соң аяқтанса, екі-үш күндік құралайды машинамен де қуып жету мүмкін емес көрінеді. Жүгіргенде жылдамдығына көз ілеспейтін құралайдың аналығы егерде лақтарына қауіп төнсе, төлінің маңынан жыртқышты аулаққа алып кетуге тырысады. Қауіпті сезінген лақ та енесі қасынан ұзағанда ешқандай тіршілік нышанын сездірмей бірнеше сағат бойы қыбыр етпей жата қалады. Лақтардың қоңыр бұйра түсі топырақ секілді, оны бір көрген адам бейнебір төмпешік деп қалуы мүмкін. Жас туған шыбыштары лақтарын суат басына апармайды. Қалғандарына «рұқсат» дегендей белгі бергенде ғана лақтар суатқа лап қояды екен. Бір қызығы, киіктер үш минутта шөлін қандырып үлгереді де, келген жағына қарай құстай ұшып жөнелетін көрінеді. Көктемде суаттарды көп іздемейтін себебі шөптің шығымен, нәрімен сусындап, жауын жауса тіпті апталап су іздемейді. Қыстың қарсыз күндерінде тұз жалап шөл қандырады. Мамандар ақбөкендердің 87 түрлі өсімдік түрімен қоректенетінін алға тартады. Халықтық медицинада киіктің мүйізінен тұяғына дейін ем болатыны содан. Өсімдікті жыл мезгілдеріне сай талғап, таңдап жейтін кірпияз жаратылыс иесі.

Киіктің киелілігінің тағы бір тұсы – түз тағысы қасқырдың жылына бір рет ет атаулыдан жеріпіп, иісінен құсып, оған беттей алмайтын кезі ақбөкендер лақтайтын «Құралайдың салқыны» мезгіліне тұспа-тұс келеді екен. Содан үш-төрт күндей етке беттей алмай жүрген дала тағысының тәбеті аяқ астынан ашылғанда, киіктердің жас төлдері аяқтанып үлгереді екен. Мұны табиғаттың үндестігі дейміз бе, әлде киіктің киелілігі дейміз бе? Дұрысы – Құдайдың құдіреті деген шығар. Ғалымдардың айтуынша, миллиондаған жылдар бойы өз тұқымын сақтап қалған санаулы аңның бірі – осы киік. Ол қанжар тісті жолбарыс пен жүндес мамонттармен бір дәуірде өмір сүріпті. Алайда, алдыңғы екеуі жер бетінен жойылып кетіп, киік қана бүгінгі дәуірге жеткен. Бұл да киіктердің киелілігінен шығар.

Ермек НАРБЕКҰЛЫ,
Саидбек АБДУЛЛАЕВ,
«Охотзоопром» инспекторлары.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3800 дана
Кезекші редактор:
Н.Шертаев.